

УДК 343

А. Рысқалиев,
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының Сот төрелігі
институтының профессоры

*Табиғат әйелге былай дейді: қолыңнан келсе сұлу
бол, қалсаң дана бол, ал саналы, ақылды болуға
міндеттісің*

Бомарше Пьер Огюстен

ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕ АСТАРЫ БАР

Аңдатпа

Мақалада мысалдар мен статистикалық мәліметтер негізінде автор әйел қылмысының туындау себептеріне талдау жүргізеді, гендерлік ұстаныммен әйелдер жасаған қылмыстардың сипатты белгілерін ашып көрсетеді. Осындай қылмыстарды болдырмау бойынша алдын алу іс-шараларының маңыздылығы атап көрсетіледі, оның ішінде автордың пікірінше, қоғамда рухани адамгершілікті құндылықтарды насихаттаудың маңызы зор.

Тірек сөздер: әйел қылмысы, гендерлік ұстаным, әлеуметтік сөз астары.

Аннотация

В статье на основе примеров и статистических данных автор дает анализ причин возникновения женской преступности, с гендерной позиции раскрывает характерные черты преступлений, совершаемых женщинами. Подчеркивается важность профилактических мероприятий по предотвращению подобных преступлений, среди которых, по мнению автора, большое значение имеет пропаганда духовно-нравственных ценностей в обществе.

Ключевые слова: женская преступность, гендерная позиция, социальный подтекст.

Abstract

In article on the basis of examples and statistical data, the author gives the analysis of the causes of female crime, gender positions reveals the characteristic features of crimes committed by women. Stresses the importance of preventive measures to prevent such crimes, among which, in the author's opinion, is of great importance to promote moral values in society.

Keywords: female crime, gender, position, and social implications.

Ең алдымен қызғалдақтай бойжеткен ару, инабатты әйел, ақ жаулықты әже жайында сөз қозғасақ, көз алдымызға әлемнің бар шапағатын бойына ұялатқан ана елестейді. Ал әдебиет сыншысы В.Белинскийдің «Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді», – деуі бекер емес.

Ендеше, ұлт тарихында ибалығымен, инабаттылығымен, танылған қазақ әйелдері бүгінгі таңда ар-ұяттан, рухани болмыстан ада болып, неліктен қылмыс әлемінің есігін ашуда?! Қылмыс дүниені жаратушы бейнесіндегі әйел табиғатына жат құбылыс. Алайда Адам Ата мен Хауа Ана ұрпағының пендешіліктері оларды да мүлде сырт айналып өтпейтіндігі жаратылыс заңдылығы. Табиғатына кереғар келіп тұрса да кейде әйелдер қылмысының кездесіп жататындығы сондықтан болар.

Жалпы қылмыс ұғымының астары сан алуан. Соның ішінде әсіресе, нәзік жандар жасаған қылмыстың төркіні әркімге таңсық дүние.

Сонымен көпшілік қауым арасында әйелдер қылмысқа неге барады? Олар жасаған қылмыстың сипаты қандай деген сауалдар туындайды.

Ендеше оның жауабын іздеп көрелік. Сөзіміз дәлелді болуы үшін ең алдымен сандар көрсеткішіне жүгінейік. Жыл сайын, орта есеппен қылмыс жасағандары үшін 36–37 мың адам сотталатын болса, олардың 4–5 мыңы әйелдер, яғни 13 пайызды құрайды. Олардың ішінде 500-ден астам әйел қылмысты мас күйінде, ал 13–15 әйел есірткі заттарды қолдану барысында жасаған.

2013 жылдың қорытындысы бойынша да қылмыс жасаған әйелдердің 49 пайызы орта білімді, 23 пайызы жоғары білімді, ал 3282-сі жұмыс істемейтіндер, 152-сі оқушылар мен студенттер, 239-ы мемлекеттік қызметкерлер, 1102-сі басқа қызмет түрімен айналысатындар болып отыр.

Мәселен, 2012 жылы үкім шығарумен 18 230 қылмыстық іс қаралған. Соның ішінде әйелге қатысты 2 274 қылмыстық іс қаралған, яғни 12,5 пайызды құрайды. Ал

2013 жылы үкім шығарумен 21 833 қылмыстық іс қаралса, соның 3 017-ін әйелдер жасаған, яғни 13, 8 пайыз. Аталған көрсеткіштерді таразыласақ, яғни 2012 жылға қарағанда 2013 жылы әйелдердің қылмыс жасауы 743 бірлікке күрт өскен. Бұдан жыл сайын әйелдер жасайтын қылмыстардың саны артып келе жатқандығын аңғарамыз.

Нәзік атаулыларының қылмыстарға баруына көптеген себеп-салдар бар. Соның ішінде ең бастысы ол әлеуметтік жағдай, яғни олардың жұмыссыз қалуы, нәпақа табалмады, ең соңында күн көріс жағдайының төмендеуіне әкеп соғуы. Ендеше, әйелдер қылмыстары сипатының жылдан жылға өзгеріп, олар жасайтын қылмыстардың жекелеген түрлерінің басым сипат алуы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен қоғамдағы құқықтық қатынастардың ахуалынан да хабар береді. Қоғамдық қатынастардың құқықтық негіздері нығайған сайын жабайы нарықтық, заңсыз кәсіпкерліктің аясы тарылып, бір кездері тұрмыс тіршілік қаракетімен сауда-саттыққа жаппай бой ұрушылар коммерциялық қызметінен бұрынғыша өндіріп пайда таба алмағандықтан тұтынушылар құқығына қайшы түрлі айла-шарғыны үдете түскені белгілі. Әйелдер арасында тұтынушыларды алдау қылмыстарының көбейе түскені осындай әрекеттердің салдары болса керек.

Әйел қылмыстарының көп белең алған түрлері ұрлық, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлікке залал келтіру болып келеді. Тұтынушыларды алдау қылмыстарының көбейе түскені осындай әрекеттердің салдары болса керек. Алайда, әйелдер аса ауыр қылмыстардан да шет қалмайды.

Мәселен, С. деген әйел өзінің ұлымен сыбайлас жасап, топ құрып жәбірленуші К. деген азаматтың үйінен ақшасын қарақшылық жолмен алып, оны балғамен ұрып өлтірген.

Нәтижесінде, олар 70 000 теңге мөлшерінде ақшаны, жәбірленушінің бағасы 5 000 теңге тұратын «Нокия 1202» маркалы ұялы телефонын алып оқиға болған жерден іздерін суытқан.

Осылайша С. мен оның ұлы А. қасақана, адамдар тобын құрып, алдын алу сөз байласу бойынша пайда табу мақсатымен кісі өлтіруге, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіріп, өздерінің қылмыстық іс-әрекеттерімен аса ауыр санаттағы қылмыстарды жасағаны үшін, ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігінің «в, д, ж, з» тармақтарымен, 179-бабының 2-бөлігінің «а, г, д» тармақтарымен кінәлі деп танылып, жеке мүлкі тәркіленіп, оның әрқайсысы 17 (он жеті) жылдан бас бостандығынан айыру жазасына кесілген.

Әйелдердің қылмыс жасау себептері халықтың имандылығы мен қоғамның адамгершілік қағидаттарының деңгейі мен хал-ахуалының көрсеткіші іспетті. Себебі әйел заты о бастан отбасының ұйытқысы, ұрпақ жалғастырып, бала тәрбиелеп өсіруші. Басым жағдайда әйелдердің қылмыс жасап, заң бұзушылыққа бару себептерін тиісті деңгейде зерттеп, оның алдын алу үшін тиімді шаралар жүргізілсе. Демек, біз өмір сүріп отырған ортада имандылық иірімдерін кеңінен насихаттап, оларды рухани негіздермен сусындату қажет. Бұл жас буынды тәрбиелеу ісін жақсартуға көп септігін тигізер еді.

Алайда, осы мақалада біздің мақсатымыз – тек бір ғана әйелдердің түрлі қылмыс жасап, сотталып жатқандығын баяндау емес, адамзаттың анасы, жаратылысынан нәзік жандар – әйел заты қандай себептермен қылмыс жасауға барады деген сауалға гендерлік тұрғыдан баға беру болып табылады.

Еркектер мен әйелдің теңдігі демократиялық қоғамның айрықша белгісі болса, әйел мен еркек өз тарапынан істеген әрекеттері үшін де заң алдында тең жауапты болуға тиісті деген ұғым туындайды.

Бірақ, заңның өзінде көзделгендей және соттар нақты істі қараған кезде әйелдердің қандай да болса қылмысқа баруына жалпы тұрмысының, отбасының, бала өсіріп, тәрбиелеуге байланысты, басқа да күнделікті өмірдің жағдайлары себеп болғанын мұқият зерттейді.

Әйелдер аса ауыр қылмыстарды көп жағдайда жанжал барысында, ұрыс-керіс үстінде, сондай-ақ, аффектілік (жанкүйзелісі) жағдайда жасайды. Табиғат заңдылығында еркектің күші әйелден басым болады. Сондықтан іс насырға шапқанда әйелдің қайраты тек суық қаруға келіп тіреледі.

Кейбір жағдайларда әйелдер еркектің шектен тыс озбырлығына шыдамай, адам айтқысыз қиянат жасайды. Мәселен, аудандық соттың үкімімен М. ҚК-нің 98-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, осы баппен оған 1 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. ҚК-нің 63-бабын басшылыққа алынып, тағайындалған жазаны шартты деп есептеп 1 жыл сынақ мерзімі белгіленген.

Үкім бойынша сотталушы М. деген әйел кенет пайда болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында өз күйеуі Б.-ны темір арматурамен бірнеше рет ұрып, нәтижесінде жәбірленуші Б. алған жарақаттан оқиға болған жерде көз жұмған. Ол осы жасаған қылмысы үшін айыпталған.

Аталған қылмысқа жәбірленушінің күйеуі Б.-ның заңсыз әрекеттері, оның әйеліне жасаған зорлық-зомбылығы тікелей себеп болған. Алайда, сот осы мән-жайларды сотталушы М.-ның әрекеттеріне заңды баға бергенде және оған жаза тағайындағанда ескерген.

Сондықтан аса ауыр қылмыс жасаған әйелдердің ісін соттарда қараған кезде, олардың қылмысының астарына терең талдау жасап, істің мән-жайын ескеріп, шешім қабылдау қажет.

Әйел затының кісі өлтіруге қатысты қылмыстарды жыл сайын белгілі дәрежеде қайталанып келе жатыр. Жоғарыда әйелдердің қарақшылық шабуылдарға да қатысатындығы жөнінде деректер келтірдік. Мұндайда олар кейде еркектер тобының құрамында болса, кейде өзара да топтасады. Әдетте әйелдер еркектердің қылмыстық тобында болған кезінде қарақшылық шабуылдың ерекше кейіпкері ретінде танылады. Еркектер оларды адамдардың үйлеріне тұтқиылдан басып кірудің тетігі ретінде пайдаланады.

Мұндай кезде қылмыстық топ құрамындағы әйел адам, үй иесінің пәтер есігін алаңсыз ашуына мұрындық болады. Ал кейде қыз-келіншектер өзара қылмыстық топ құрып, шама-шарықтарына қарай өздеріндей нәзік тұлғаларға зардап келтіреді. Қайткенде де әйелдердің қарақшылық шабуылға қатысуы олардың бұзылып, теріс жолға түскендігін айғақтайды.

Адам – қоғамның перзенті. Сондықтан көптеген қылмыстар қоғамдық қатынастардан, елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдардың салдарынан туындайды. Әсіресе мұндай қиындықтар адамзат баласының нәзік өкілдері әйелдерге ең бірінші кезекте соққы болып тиеді. Осындай тұрмыс тауқыметтеріне төтеп бере алмай қылмысқа еріксіз килігетіндер де бар. Сондықтан әйелдер қылмысына жаза тағайындаған кезде олардың әлеуметтік жағдайы жан-жақты зерделену қажет.

Мәселен, Алматы қаласы Медеу аудандық сотының үкімімен Д. ҚР ҚК-нің 175-бабының 3-бөлімінің «б» тармағымен сотталған. Сотталушы Д.Фурманов көшесі, 311-үй, 14-пәтерде Түркия мемлекетінің азаматы С.-ның үйінде үй қызметшісі болып жүріп, киім салатын комод астынан полиэтиленді пакетке оралған шетел валютасын тауып алған. Одан Д. ол ақшаны көріп, сол арада оның ойы бұзылып, оны өз пайдасына жаратқысы келген.

Себебі, ол осының алдында өзінің денсаулығының нашарлауына байланысты емханаға қаралу үшін таныстарынан ақша сұраған. Одан еш нәтиже шықпаған. Дәрігерге қаралу барысында оған түсік жасалғандықтан оң жақ жатырын алып тастайтындығын айтқан. Осы жағдайды естіген ол қорқып, С.-ның комод ішінде полиэтиленді пакетке оралған валюта ақшаларының ішінен 17 000 АҚШ долларын алғанын, сондай-ақ ол жәбірленушіден екіқабат болып қалғанын, бірақ жәбірленуші бала тууына қарсы болған соң, ашуға булығып, одан ақша ұрлап алғанын айтқан.

Кейбір жандар күнкөріс үшін түрлі әрекеттерге барып жатады. Біреулер алып-сатарлықпен айналысып, қайткенде де пайда табудың жолын іздеп жүріп, қылмыстық әрекеттерге қалай килігіп қалғандарын өздері де білмей, кейін бармағын тістеп жатады.

Демек, жазаны әйелдер тарапына қолданған кезде оны жеңілдетудің мүмкіндіктерін ескермеуге тағы болмайды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда әйел адамзатының айуандыққа барып, жазықсыз нәрестенің қанын мойнына жүктеген оқиғаларды құлағымыз жиі шалатын болды. Тіпті оған бей-жай қарайтын болдық. Ал, бұл барып тұрған асқынған қоғам дерті болып табылады.

Алайда болары болып, бояуы сіңгенен кейін бойына «жоспарсыз» біткен жазықсыз нәрестені «адамның сөзінен», «ұяттан», «анасынан қорыққаннан» о дүниеге аттандырып жатқан әйелдердің саны өкінішке орай күннен-күнге артуда.

Мәселен, соның бірі Э. сынды әйел аяғы ауыр екенін біле тұра, аудандық ауруханаға тіркелмей, өзінің жүкті екенін дәрігерден жасырған. Ақыры толғағы жетіп, өз пәтері тұрған үйдің ауласында орналасқан дәретхана ішінде босанған. Ол өзінің жаңа туылған нәрестесін өлтіру мақсатында баланың кіндігін қолымен қысып, оны үзіп, баланы дәретхана ішіне тастап жіберген. Соның салдарынан тірі туылған нәресте дәретхана ішіндегі адам нәжісіне тұншығып өлген.

Басты сот талқылауында сотталушы Э. өзіне тағылған айыпты мойындап, босанғанын

және дәрігерге бала дәретхана ішінде жатқанын айтпай жасырғанын, өзі баланы дәретхана ішінен шығарып алуға әрекет жасамағанын, жасаған қылмысына шын өкінетінін айтқан.

Алайда сот оны Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 97-бабымен айыпты деп танып, 2 жыл мерзімге бас бостандығынан айырған, ҚК-нің 63-бабын қолдана отырып тағайындалған жаза шартты деп есептелген.

Жалпы, әйелдер арасында өзгенің мүлкін ұрлау, тұтынушыларды алдау сияқты қылмыстар жиі кездеседі. Соңғы кездерде есірткі заттарды, немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, сатып алу, сақтау, тасымалдау және өткізуге қатысты әйелдер қылмысы белең алып келеді.

Мәселен, Шу аудандық сотының үкімімен Т. ҚК-нің 177-бабының 3-бөлігінің «г» тармағымен, 314-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, түпкілікті 5 (бес) жылға бас бостандығынан айыру жазасына шартты сотталып, 2 жыл сынақ мерзімі белгіленген.

Көбінесе әйелдер есірткіні сатып, оны қаражат көзіне айналдырып, аяқтарын шалыс басып жатады. Олар есірткіні үлкен табыс көзіне айналдырып отырған алпауыттар да емес, кішігірім делдалдар болып келеді.

Есірткі айналымы өзінің табиғаты сияқты есті алып, адамды құнықтыра түсетін өзәзіл әрекет. Сондықтан алдыңғы қылмыстардай емес, есірткі қылмысына тартылған әйелдердің қылмысының тұрпаты өзгешелеу келеді. Олардың бұл әрекетті күнкөріс амалынан гөрі күрделірек, жұртты улап, ұрпағымды өсіремін деген түсініктің өзі жаратылыс заңдылығына қайшы келеді емес пе?

Өмірде қаншалықты ізгі іс атқарылып жатса, сонша қылмыс түрлері де кездесіп жатуы ықтимал.

Сонымен жоғарыда аталған қылмыстардан басқа соңғы жылдары әйелдер арасында көрнеу қылмыстық жолмен мүлікті сатып алу, қорқытып алу, алаяқтық, пара алу, сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алу, қызметтік жалғандық жасау, өзіне билік ету, билікті немесе өкілеттілікті асыра пайдалану, экономикалық контрабанда айналымынан алынған заттардың немесе айналымы шектелген заттардың контрабандасы, акциздік алым маркаларын қолдан жасау және пайдалану, салық төлеуден жалтару, кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару, жезөкшелікпен айналысатын притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық тағы басқа қылмыстар кездесіп отыр.

Айта берсек әйелдер қылмысының сыр-сипаты сан алуан. Оның бәрін бір мақала аясына сыйдыру мүмкін емес. Сондықтан біз сот тәжірбиесінде жиі кездесетін қылмыстарға ғана тоқталып отырмыз.

Жалпы әйел ең бірінші, отбасының ұйытқысы, өмірге ұрпақ әкелетін, бала тәрбиелейтін ана екенін ұмытпауы тиіс. Осы тұста француз драматургы Пьер Огюстен Бомаршенің «Табиғат әйелге былай дейді: қолыңнан келсе сұлу бол, қалсаң дана бол, ал саналы, ақылды болуға міндеттісің», – деген сөзі еріксіз ойға оралады.

Ендеше, қазақтың әйеліне тән ибалы мінезбен ерінің абыройын асырып, мейірімді, қайырымды, саналы ұрпақ тәрбиелеумен де өзгелерге үлгі-өнеге болуға тиіс. Себебі «Әйел бір қолымен бесікті тербетіп, екінші қолымен әлемді тербетеді»? – деп тегін айтылмаған ғой.

Еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, өзінің ой-пікірлерін білдіруге әркімнің де құқығы бар. Бұдан нәзік жандар қауымы да тыс қалмайды.

Биыл еліміз үшін ерекше жыл, тәуелсіздігімізді алғанымызға 23 жыл толды. Тарих кезеңімен қарағанда бұл аз уақыт болып көрінгенімен, біздің мемлекет үшін бұл аралықты ғасырлармен теңеуге болады. Осы уақыт ішінде еліміз тек есін жиып қана қоймай, аты әлемге мәшһүр мемлекетке айнала бастады.

Әйелдердің құқықтары мәселелерімен ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық, саясат жөніндегі Ұлттық комиссия 13 жылдан бері айналысып келеді. 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Президент жанынан арнайы консультативтік – кеңестік орган «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясы» құрылды. 1999 жылы Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі әрекеттердің алғашқы Ұлттық жоспары қабылданды. Осы жылдар ішінде әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияға қосылуы туралы және әйелдердің саяси құқықтары туралы БҰҰ-ы Конвенцияларын бекітті. Қазақстан әйелдерінің форумы тұрақты түрде өткізіліп тұрады, онда мемлекеттік гендерлік саясатты жүзеге асырудың

өзекті мәселелері талқыланды. 2009 жылы Қазақстан әйелдерінің кезекті V форумы өтті. Ал 2001 жылы 5 наурызда еліміздің әйелдерінің тұңғыш съезі өтті. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда гендерлік саясаттың өзіндік моделі қалыптасты.

2006–2016 жылдарға арналған елімізде Гендерлік теңдік стратегиясы қабылданған, осы құжатта отбасының, әйелдердің мәртебесін көтеруге байланысты көптеген мәселелер қарастырылған. Бүгінде қазақ әйелі елімізде болып жатқан барлық жағымды жаңалықтарға, қоғамдағы өміршең өзгерістерге, идеялық-саяси, әлеуметтік-мәдени, халықаралық-дипломатиялық жұмыстарға белсене араласуда. Демографиялық мәліметтерге сүйенсек, біздегі жалпы мемлекеттік қызметшілердің тең жартысынан астамы әйелдердің үлесіне тиесілі екен. Бұл Елбасының 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыруға көп үлесін тигізеді.

Ендеше, әйелдер тарапынан, күнделікті өмірімізде орын алып отырған қылмыстардың алдын алу және оларды болдырмау шаралары жас мемлекетімізде өсіп келе жатқан ұрпақты имандылық пен адамгершілік рухында тәрбиелеп, еліміз бен қоғамымызда тәртіп пен заңдылықтың нық орнауына негіз болатын жәйттердің құрамды бөлігі болатыны даусыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Алматы, 2014 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, Алматы, 2014 ж.
- 3 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Алматы, 2014 ж.
- 4 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы, Алматы, 2014 ж.
- 5 «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Елбасының Жолдауы, 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 6 «Даналардан шыққан сөз», Мирас, 1997 ж.